

Мәртөк ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы № 412 шешімі. Ақтөбе облысының Эділет департаментінде 2020 жылғы 5 қарашада № 7586 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 8 және 9 баптарына сәйкес, Мәртөк аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәртөк ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Мәртөк ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. "Мәртөк аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Эділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы шешімді, оны ресми жариялағаннан кейін Мәртөк аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәртөк аудандық
мәслихатының сессия төрағасы

Б. Акзамов

Мәртөк аудандық
мәслихатының хатшысы

А. Альмухамбетов

Мәртөк аудандық мәслихатының 2020 жылғы

28 қазандағы № 412 шешіміне

1 қосымша

Мәртөк ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптары

1. Жиналыстар, митингілер, пикеттеу ұйымдастыру және өткізу үшін:

№ п/с	Арнайы орындар	Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптары	Шекті толу нормасы
1.1	"Жастық" мәдени және демалыс саябағының аумағы (Мәртөк ауылы, Есет Көкіұлы көшесі)	<ul style="list-style-type: none"> - жасанды жарықтандыру; - электр энергиясын қосуға арналған нүктө; - бейнебақылау және бейне тіркеу камералары; - санитарлық нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ететін жабдық(коғыс үшін жәшіктері). 	200 адамнан артық емес

2. Демонстрациялар, шерулер ұйымдастыру және өткізу үшін:

№ п/с	Арнайы орындар	Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптары	Шекті толу нормасы
2.1	Озмітіль көшесімен: Абай көшесінен Есет Көкіұлы көшесіне дейін, солға бүрүлып, әрі қарай "Жастық" мәдени және демалыс саябағына дейін (маршруттың ұзындығы 1200 метрді құрайды)	<ul style="list-style-type: none"> - жасанды жарықтандыру; - электр энергиясын қосуға арналған нүктө; - бейнебақылау және бейне тіркеу камералары; - санитарлық нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ететін жабдық(коғыс үшін жәшіктері). 	50 адамнан артық емес

Мәртөк ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі

1. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдаланудың осы тәртібі Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңы (әрі қарай – Заң) негізінде әзірленді және Мәртөк ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін айқындаиды.

2. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар жалпыға ортақ пайдаланылатын орын болып табылады және бейбіт жиналыстар өткізу үшін Мәртөк ауданының жергілікті өкілді органымен айқындалды.

Бейбіт жиналыстарды өткізуғе арналған арнайы орындарда сипатына қарай бейбіт, құш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп,

денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мұдделеріне қатер төндірмейтін көпшілік іс-шаралар өткізіледі

Бейбіт жиналыстарды өткізуге арналған арнайы орындарда қолданыстағы Заңды бұза отырып, жиналыс, митинг, демонстрация, шеру және пикеттеу өткізуге жол берілмейді.

Төтенше, соғыс жағдайы немесе терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген кезде олардың қолданылу кезеңінде бейбіт жиналыстар өткізуге "Төтенше жағдай туралы", "Соғыс жағдайы туралы" және "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тыйым салынуы немесе шектеу қойылуы мүмкін.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні жергілікті уақыты бойынша сағат 9.00-ден ерте бастауға және сағат 20.00-ден кеш аяқтауға болмайды.

Осы Тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

Мәртөк аудандық мәслихатының 2020 жылғы
28 казандағы № 412 шешіміне
2 қосымша

Мәртөк ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары айқындалсын:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) теміржол, су және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтардың шекарасы – 100 метр;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін үйымдарға іргелес жатқан аумақтардың шекарасы – 400 метр;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтардың шекарасы – 100 метр;
- 5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтардың шекарасы – 100 метр.